«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

№ ІМАД-6-14/3067
10.09.2018 ж.

"Жастардың жарқын болашағы" жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы
М. Құлтаевқа

Тараз қ., Жунісалиева к., 16 үй

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің №21161 арызыңызға сәйкес, №2728316-1 "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс" электрондық конкурс тәсілімен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы болып табылатын "Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы" КММ-не камералдық бақылау жүргізілді (*ары қарай - Ұйымдастырушы*).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүрзеге асыру қағидаларына *(ары қарай – Мемлекеттік сатып алуды жүрзеге асыру қағидалары)* 12-қосымшаның (Техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілерінің ұсынған бағалау өлшемшарттары) 1 тармағына сәйкес, Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуетті өнім берушімен ұсынылатын жобасы сәйкес келмеген жағдайда, әлеуетті өнім берушімен ұсынылатын жобаға 0 балл қойылады. Ал, егер, әлеуетті өнім беруші ұсынып отырған жоба Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сәйкес келген жағдайда, әлеуетті өнім берушімен ұсынылатын жобаға 1 балл қойылады.

Камералдық бақылау барысында анықталғаны, "Жастардың жарқын болашағы" ЖҚБ ұсынып отырған жоба Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сәйкес келеді. Осылайша, конкурстық комиссия Мемлекеттік сатып алуды жүрзеге асыру қағидаларының **233 тармағы 1) тармақшасын бұзып** 1 баллдың орнына 0 балл қойған.

Мемлекеттік сатып алуды жүрзеге асыру қағидаларына 12-қосымшаның (Техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілерінің ұсынған бағалау өлшемшарттары) 5 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің екі жылға дейінгі сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін қызмет нарығындағы

жұмыс тәжірибесі болса, оның жұмыс тәжірибесіне 4 балл қойылады. Ал, егер, әлеуетті өнім берушінің екі жылдан бес жылға дейінгі сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін қызмет нарығындағы жұмыс тәжірибесі болса, оның жұмыс тәжірибесіне 5 балл қойылады.

Сонымен қатар, Мемлекеттік сатып алуды жүрзеге асыру қағидаларына 6-қосымшаға Ескертудің 1 тармағына сәйкес сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады.

Камералдық бақылау барысында анықталғаны, "Жастардың жарқын болашағы" ЖҚБ-нің конкурстық өтінімінде 2 жылдық (2014-2015ж.ж.) жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар ұсынылған. Осылайша, конкурстық комиссия Мемлекеттік сатып алуды жүрзеге асыру қағидаларының **233 тармағы 5) тармақшасын бұзып** 5 баллдың орнына 4 балл қойған.

Мемлекеттік сатып алуды жүрзеге асыру қағидаларына 12-қосымшаның (Техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілерінің ұсынған бағалау өлшемшарттары) 6 тармағына сәйкес, ұсынылған жобаны іске асыру бойынша сандық немесе сапалық индикаторлар болса 2 балл қойылады. Ал, егер, ұсынылған жобаны іске асыру бойынша сандық және сапалық индикаторлар болса 4 балл қойылады.

Камералдық бақылау барысында анықталғаны, "Жастардың жарқын болашағы" ЖҚБ ұсынып отырған жоба сандық және сапалық индикаторларды қамтыған. Осылайша, конкурстық комиссия Мемлекеттік сатып алуды жүрзеге асыру қағидаларының **233 тармағы 6) тармақшасын бұзып** 4 баллдың орнына 2 балл қойған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 8 тармағы негізінде ұйымдастырушыға камералдық бақылаудың қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданды.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 12 бабы және 14 бабының 6-тармағына сәйкес, Сіз, заңмен белгіленген уақытта өтініш бойынша қабылданған шешімге жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге, сонымен қатар сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Басшы орынбасары **Қ. Орманов**

Орындаушы: Беков Е.
Тел.:43-54-60